

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің
Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету
департаменті**



**«Ақмола облысы білім басқармасының
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-нің жанындағы “Айналайын” шағын
орталығының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Бағалау кезеңдері: 2021-2022 оқу жылы
2022-2023 оқу жылы
2023-2024 оқу жылы
Ақмола облысы, Шортанды ауданы,
Шортанды кенті, 50 лет
Октябрья көшесі 91
e-mail: shortandy-3@mail.ru
тел.: 8 - 716 – 31 – 7-51-78

Мазмұны

- 1-Бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- 2-Бөлім. Кадрлық құрамға талдау
- 3-Бөлім. Тәрбиеленушілер контингенті
- 4-Бөлім. Оқу әдістемелік жұмыс
- 5-Бөлім. Оқу материалдық активтер
- 6-Бөлім. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
- 7-Бөлім. Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы
- 8-Бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
- 9-Бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаныдағы «Айналайын» шағын орталығының ТӨЛҚҰЖАТЫ



1	Мектептің атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Айналайын» шағын орталығы
2	Мекенжайы:	Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті 50 лет Октября көшесі 91 үй.
3	Аудан орталығына дейін қашықтық	Аудан ортасында орналасқан
4	Оқытылу тілі	Мемлекеттік тіл (қазақ)
5	Қай жылы салынған	3 қабатты ғимарат 2009 жыл, «Айналайын» шағын орталығы мектеп ғимаратының I қабатында орналасқан
6	Шағын орталықтың көлемі	829,5 .м ²
7	Қанша орын	35 орын
8	Асхана	20 орындық
9	Жылыту	Отынның түрі-қатты
10	Сумен қамту	орталықтандырылған
11	Канализация	орталықтандырылған
12	Күрделі жөндеу (қашан, қанша сомаға)	өтпеді
13	Ағымдағы жөндеу	Бюджеттен- «Қамқорлық» демеушілік көмек
14	Аз қамтылған отбасы (көп балалы отбасы)	19
15	Топтар	2 топ 2-3 жас «Балапан» кіші тобы 3-4 жас «Күншуақ» ортаңғы тобы
16	Мектеп директорының тағайындалуы	10.11.2017 жыл №182/1 14.01.2021 жыл №17-ж/қ
17	Тәрбиеленушілер саны	35

Мектепке дейінгі мекеменің мақсаты мен міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету;
- 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет жасау;
- 5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;
- 6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

Білім ұйымының білім беру жүйесінің басым бағыты инновациялық технологияларды енгізу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін, олардың зияткерлік саласын дамыту болып табылады.

Білім беру ұйымының қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелеріне, Санитариялық ережелерге, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымының білім беру қызметі төмендігілерге сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына өзгерістермен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі мекемеге қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау жыл бойы жүргізілуі мүмкін. Мектепке дейінгі мекеме ата-аналардың (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге логопедтің, психологтің қызметі қарастырылған. Топқа 2-5 жас аралығындағы қағидат бойынша жинақталады. Мектепке дейінгі мекеме топтарын толықтыру «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілінде жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілердің жинақталуына байланысты 2 топ мемлекеттік тілде жұмыс жасайды. Жұмыс тәртібі аптасына 5 жұмыс күн, (демалыс күндері-сенбі, жексенбі, мереке күндері) 8.00 – ден 18.30 дейін

1-бөлім: Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/3757-20-06-24-14-55-33-blm-beru-yymdaryny-ghalpy-sipattamasy>

1.1 Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттары:

1) Білім беру ұйымының толық атауы «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы “Айналайын” шағын орталығы

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы) Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті 50 лет Октября көшесі 91ұй. индексі 021600;

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт) 8(71631)3-51-78, Электрондық поштасы: shortandy-3@mail.ru сайт <http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/>

4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) Анесий Азамат, Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындау туралы Шортанды ауданы білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындау туралы аудандық білім бөлімінің 2017 жылы 10 қарашадағы № 182/1 бұйрығының негізінде тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі).

http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/9/090624_222813_ghary.pdf

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 19.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы №А-1/2 қаулысымен бекітілген. БСН: 030540003979 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 19 қаңтарда берілген.

http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/5/27/270524_181908_bin.pdf

б) Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға мемлекеттік лицензия 2021 жылғы 1 ақпанда №KZ01RVK00056632 берілген.

http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/5/27/270524_181930_licenziya.pdf

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама №KZ50RVK00033925.

Жалпы ақпаратты және білім беру ұйымы құжаттарын талдау

Мектепке дейінгі мекеме қызметін өзін-өзі бағалау 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына жүргізілді. Өзін-өзі бағалау үшін негіз: «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармақшасы, Қазақстан Республикасы Білім министрінің № 486 бұйрығы негізінде, 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы» мектептің 2024 жылғы 21 ақпандағы №6 бұйрығы негізінде төмендегі комиссия құрылды.

http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/7/070624_234551_zn-z-baalau-turaly-byry.pdf

Мектепке дейінгі мекеменің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссияның мынадай құрамы бекітілді.

- 1.Анесий Азамат -мектеп директоры, комиссия төрағасы;
- 2.Рашатхан Айнагүл-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 3.Ахметжанова Санды Саттыбаевна–директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 4.Тохтамурат Ермекбол– директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 5.Көренбай Гүлжазира- директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Хабылғажы Майра- кітапхана меңгерушісі, комиссия мүшесі;
7. Хамитбекова Айжан Сакеновна-мектеп психологы, комиссия мүшесі;
- 8.Мурат Замира -элеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
- 9.Меирманова Эльмира Карсибековна – логопед, мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы, комиссия мүшесі;

Мектепке дейінгі мекеменің білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияның жауапты мүшелеріне жүктелді.

Мектепке дейінгі мекеменің өзін-өзі бағалауының мақсаты – білім беру ұйымындағы нәтижелер мен процестер туралы түсінік алу, оқу үдерісіне қатысушылардың қанағаттану дәрежесін және өз қызметін жетілдірудің басым бағыттарын анықтау. Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына жүргізілді. Өзін-өзі бағалау үшін негіз: «Білім

туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармақшасы, Қазақстан Республикасы Білім министрінің № 486 бұйрығы негізінде, 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде «Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы» мектептің 2024 жылғы 21 ақпандағы №6 бұйрығы негізінде төмендегі комиссия құрылды.

Өзін-өзі аттестациялау кезеңінде комиссия келесі критерийлер бойынша тексеру жүргізді:

1. Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы
2. Кадрлық құрамға талдау
3. Білім алушылар контингентінің құрамы
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу және материалдық құндылықтар
6. Оқушылардың білімін бағалау
7. Білім беру үдерісіне қатысушылар мен басқа респонденттер арасында сауалнама жүргізу
8. Кемшіліктер мен пікірлер, оларды шешу жолдары
9. Қорытындылар мен ұсыныстар.

№2-тармақтың критерийіне сәйкес Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда тіркелді. Мемлекеттік білім стандартының жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау критерийлері қолданылды. Өзін-өзі бағалау кезінде ашықтық, айқындық, жүйелілік және объективтілік қағидаттарына негізделіп өткізілді. Өзін-өзі бағалау есебін құрастыру кезінде комиссия келесі әдістерді басшылыққа алды: сандық талдау, салыстырмалы талдау, теориялау және синтез. Осы есепте келтірілген ақпаратты растау үшін мектепке дейінгі мекеменің жұмыс құжаттамасы қоса беріледі. Мемлекеттік аттестаттау шеңберіндегі өзін-өзі бағалау есебі мектептің педагогикалық кеңесінің отырысында бекітілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты:

- ✓ Мектепке дейінгі мекеменің оқу үрдісінің жағдайы туралы объективті баға мен ақпарат алу;
- ✓ Мектепке дейінгі мекеменің оқу үрдісінің нақты жағдайының белгіленген жоспарлар мен міндеттерге сәйкестік дәрежесін белгілеу;
- ✓ Тәрбие жұмысының сапасына кері әсер ететін факторларды анықтау, оны одан әрі 7 жетілдірудің стратегияларын анықтау.

Өзін-өзі бағалау тапсырмалары:

1. Өзін-өзі бағалаудың өлшенетін объектілерінің көріну дәрежесін анықтау:
 - 1) Білім беру бағыттары мен ұйымдастырылған білім беру қызметінің Мемлекеттік білім беру стандарттарының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;
 - 2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

- 3) Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- 4) Балаларда қимыл-қозғалыс, коммуникативті, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

Әкімшілік-басқару персоналы туралы ақпарат

Әкімшілік-басқару персоналы туралы ақпарат басқару құрылымы басшы, директордың орынбасарлары, шаруашылық меңгерушісі, мейірбике және өзін-өзі басқару органдары: педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті, мектептің педагогикалық ұжымының жалпы жиналысы тұлғасындағы өзара байланысын қамтиды. Ағымдағы қызметті ұйымдастыру жауапты адамдардың функционалдық өкілеттіктерімен шектеледі және де ережелер, нұсқаулықтар, ішкі тәртіп ережелері, 2020-2025 жылдарына арналған мектепке дейінгі мекеменің даму бағдарламасы, жылдық жоспарлары бар. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының штаттық кестелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі ережесі туралы №77 қаулысын және 2008 жылғы 1 қаңтарынан күшіне енген азаматтық қызметкерлердің, мемлекет тарапынан қаржыланатын ұйым қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы 2015 ж. 31 желтоқсандағы №1193 қаулысын басшылыққа алынып жасақталған.

№	Аты -жөні	Лауазымы	Аталған лауазымы бойынша еңбек өтілі	Санаты	Жарамдылық мерзімі	Алған уақыты, бұйрығы
1	А.Анесий	Мектеп директоры	6 жыл 10 ай	2 деңгейлі басшы	3 жыл	31.05.2021 №50-ж/қ
2	А.Рашатхан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	8 жыл 9 ай	3 санатты басшы орынбасары	3 жыл	29.12.2021 №331- ж/к
3	С.С.Ахметжанова	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	16 жыл, 4 ай	3 санатты басшы орынбасары	3 жыл	29.12.2021 №331- ж/к
4	Е.Тохтамурад	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	3 жыл 9 ай	3 санатты басшы орынбасары	3 жыл	30.06 .2023 №180/а-ж/к,

2-бөлім : Кадрлық құрамға талдау.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары:

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы

бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/kadrly-rama-taldau>

Білім беруді жаңғырту жағдайында оқытудың барлық үлгілері білім беру сапасын арттыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандарты негізінде іске асырылады.

Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға «Өрлеу», АҚ «Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» базасында біліктілікті арттыру курстары ықпал етеді. Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын тәрбиешілердің дипломдарының көшірмелері, штаттық кестесі көшірмелері берілген.

Мектеп әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективтік жоспары жүргізілуде.

Штаттық кестеге сәйкес шағын орталық әдіскері - 0,5 бірлік, шағын орталық тәрбиешісі -1,125 бірлік, көркемдік жетекшісі - 0,5, денешынықтыру жетекшісі - 0,5

Соңғы 3 жылдағы тәрбиешілер құрамы төмендегідей:

Тәрбиешілердің білім деңгейі

Оқу жылдары	Шағын орталық тәрбиешілері		
	Тәрбиешілер саны	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
2021-2022	6	0	6 (100%)
2022-2023	6	1(16%)	5 (84%)
I жарты жылдық	4		
II жарты жылдық	4		
2023-2024	4	2(50%)	2(50%)

Жас мамандар – 1

Жасы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
20-дан 30-ға дейін	4	2	1
31-ден 40-қа дейін	0	2	1
41-ден 50-ге дейін	2	2	2
51 және одан жоғары			0

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы негізінде тәрбиешілерді жұмысқа қабылдау басшы мен тәрбиеші қызметкер арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа оқу жылына арналған оқу жүктемесін алдын ала жасақтау және бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында жүргізіледі, бұл тәрбиешіге өздерінің перспективтік жоспарларын құруға және жаңа оқу жылындағы қызметтің басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Әрбір әрбір тәрбиешінің оқу жүктемесі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейіне сүйене отырып және мектеп кәсіподақ комитетімен келісе отырып белгіленеді.

Шағын орталыққа кадрларды орналастыру дайындық деңгейі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Тәрбиешілер мен мектеп басшылығының жұмысындағы басты критерий – педагогикалық әдепті сақтау, «Білім туралы» Заңның, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің орындалуы. Мектеп әкімшілігі педагогтердің жұмыс уақытын ұтымды пайдалануына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өз бетінше білім алуына қолайлы жағдай туғызуға тиісті көңіл бөлуде. Педагог кадрларды қабылдау басшы мен педагог қызметкер арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары ҚР Еңбек кодексіне қайшы келмейді. Кадрларды іріктеу педагогикалық ұжым мүшелерінің біліктілік деңгейі ескеріле отырып, мектептің жұмыс оқу жоспарын іске асырудың объективті қажеттіліктерін негізге ала отырып, жоспарлы және мақсатты түрде жүзеге асырылады.

Кадрларды алдын ала жинақтау жаңа оқу жылына оқу жүктемесін бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында жүргізіледі, бұл тәрбиешілерге өздерінің перспективалық жоспарларын құруға және жаңа оқу жылына арналған қызметтің басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Әрбір тәрбиешінің штаттық бірлігі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейге сүйене отырып және мектеп кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша анықталады.

Педагог кадрлармен жасақталғаны туралы мәліметтер «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің № 3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жері және жылы	Диплом бойынша біліктілігі	Тану туралы куәліктің бойынша мәліметтер (куәлік № мерзімі)	Санат берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмері	Штат бірлігі	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту орны	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер
1	Даулетбай Еркегул	28/06/1991 Моңғолия	«Ш.Уәлиханов атынд. Көкшетау Университеті» КЕАҚ 2023ж. Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі Еңбек өтілі - 11,5	№041548070 01.08.2016	-	0,5	"Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін дамыту" 16.06.2022 № 0506697 "Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзіреттілігін дамыту" 13.04.2023 №0537224	24.02.2024

2	Нурсолтан Ермек	05.02.1984 Монголия	Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ, 2011 Еңбек өтілі - 15	№037862572	Сарапшы Бұйрық № 205 15.07.2021 ж.	0,5	“Назарбаев зияткерлік мектептері” ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы 15.05.2024ж. №066339	05.02.2024
3	Хайрам Таңсауле	27.08.1999 Солтүстік Қазақстан обл.	“Қазақ ұлттық өнер университеті” РММ, 2023 Режиссура, арт-менеджмент мамандығы және Өнер бакалавры Еңбек өтілі - 2,3	№045899420 20.05.2019	-	0,5	-	15.04.2024
4	Мұсай Руда	22.12.1975 Моңғолия	Балқаш педагогикалық колледжі. 1994ж. «Мектепке дейінгі тәрбие» Еңбек өкілі -12,1	№052963942 10.06.2022	Педагог Бұйрық №68 18.04.2023 ж.	1,125	“Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзiреттiлiгiн дамыту” 05.07.2023 №0635580	03.05.2024
5	Бексолтан Айжангул	10.08.1976 Моңғолия	Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі Қайта даярлау курсы “Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі ” 01.10.2019-31.12.2019ж. Щучинск қ. Еңбек өтілі - 4,5	№037242220 08.08.2014	Педагог Бұйрық №68 18.04.2023 ж.	1,125	“Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзiреттiлiгiн дамыту” 05.07.2023 №0635573	31.05.2024
6	Молдан Құндыз	30.07.1995 Моңғолия	А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 2022.ж. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі Еңбек өтілі - 6,3	№051223042 10.09.2021	Педагог Бұйрық №68 18.04.2023 ж.	1,125	“Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзiреттiлiгiн дамыту” 05.07.2023 №0635	05.02.2024
7	Емелбек Айгерім	15.08.1998 Моңғолия	Шәкәрім Университеті Семей қ. “Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы” 2022 ж. Еңбек өтілі - 1 жыл	№053629502 22.08.2022	-	1,125	-	30.04.2024
8	Ахмет Еркін	06.06.1990 ж. Моңғолия	М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті “Музыкалық білім” балавры 2015 ж. Еңбек өтілі - 13 жыл	№055440128 25.05.2023	Педагог - Зерттеуші	0,5	“музыка пәні мұғалімінің кәсіби күзiреттiлiк дамыту” 26.05.2023 ж. №0538761	01.08.2023

9	Әліп Салтанат	23.10.1980 Моңғолия	“Арна” Көкшетау колледжі “Бастауыш білім беру мұғалімі” 2015 ж. Еңбек өтілі - 3 жыл	№019365318 15.03.2007	-	1,125	“Шағын орталық тәрбиешілерінің кәсіби іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері” 22/07/2017 №0154065	11.02.2023
10	Манарбек Жанбота	Моңғолия 28.06.1984	Талдықорған қ. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті 2003ж. Еңбек өтілі - 12 жыл	№039716026 05.10.2015	-	1,125	“Мектепке дейінгі мекемедегі білім беруді ұйымдастыру тәжірибесі ментеориясы” қайта даярлау курсы 22.11.2021-29.07.2022 ж.	14.01.2023
11	Шайхина Айнұр	10.06.1994 Ақмолинск ая обл.	Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты “Мектепке дейінгі мекеме тәрбиеші” 2022 Еңбек өтілі - 4 ай	№037653984 11.11.2014	-	1,125	“Баланы ерте дамыту бағдарламасы” НЗМ ДББҰ 07.03.2024 №049851	01.06.2024
12	Хапур Айнагул	29.06.1967 Монғолия	Қостанай гуманитарлық институты “Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі” 2003ж. Еңбек өтілі - 25	№033626076	-	0,5	-	03.08.2021
13	Мухай Ордагул	26.03.1993 Алматы ая обл.	Ш. Уалиханов КМУ жанындағы көпсалалы колледжі “Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі”	№044234316 20.04.2018	-	1,125	-	03.07.2021
14	Мархамет Бахытхан	12.10.1990 Монғолия	Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі “Дене тәрбиесі жiне спорт” 2018-2021 жыл Еңбек өтілі - 3 жыл	№040846036 26.02.2016	-	-	-	06.09.2022

Тәрбиешілердің аудандық сайыстарға қатысуының нәтижесі

№	Жыл	Атауы	Аты жөні	орны
Аудандық				
1	2023	“Балаларға базарлық” Республикалық конкурстың аудандық деңгейі	Даулетбай Еркегул	I орын
2	2022	“Балалық шағымның шуақты биі” аудандық байқауы	Мұсай Руда	Алғыс хат

“Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту” мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100%.

3-бөлім. Тәрбиеленушілер контингенті (3 қосымша)

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/trbielenushler-kontigent>

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары ерекше білім алуға қажеттілігі бар оқушы болмады.

Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәлімет:

Мектепке дейінгі білім беру қызметінің үлгілік қағидаларына және мектеп жарғысына негізделген топтармен жасақталған.

Шағын орталықта **2021-2022** оқу жылында 3 топ болды, “Бәйтерек” ересек тобында 19 бала, “Күншуақ” ортаңғы тобында 16 бала, “Балапан” кіші топта 15 бала, ерекше білім алуға қажеттілігі бар бала болған жоқ.

2022-2023 оқу жылының I жартыжылдығында 3 топ болды, “Бәйтерек” тобында 20 бала, “Күншуақ” ортаңғы тобында 19 бала, “Балапан” кіші тобында 13 бала, ерекше білім алуға қажеттілігі бар бала болған жоқ.

2022-2023 оқу жылының II жартыжылдығында 2 топ болды, “Күншуақ” ортаңғы тобында 20 бала, “Балапан” кіші тобында 15 бала, ерекше білім алуға қажеттілігі бар бала болған жоқ.

2023-2024 оқу жылында 2 топ болды, “Күншуақ” ортаңғы тобында 20 бала, “Балапан” кіші тобында 15 бала, ерекше білім алуға қажеттілігі бар бала болған жоқ.

Тәрбиеленушілерді шағын орталыққа қабылдау "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және ЭЦҚ бойынша ата-аналар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 275 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын Мемлекеттік қызметке ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін ата-аналарға құжаттар тізбесі туралы ақпарат берілген. Электрондық түрде қабылдау 1 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Барлық құжаттар бумаға тігіліп, мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алу журналы жүргізіледі.

Бағаланатын кезең бойынша мектепке дейінгі білім алатын тәрбиеленушілерден ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленуші болған жоқ.

Үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

Апталық жүктеменің көлемі:

2021-2022 оқу жылы

- 1) “Балапан” кіші тобы (2-3 жас) оқыту қазақ тілінде - 9 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут;
 - 2) Ортаңғы топ (3-4 жас) оқыту қазақ тілінде – 11 сағат, 1 вариативтік компонент, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут;
 - 3) Ересек топ (4-5 жас) оқыту қазақ тілінде – 12 сағат, 2 вариативтік компонент, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут;
- 1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі)

2022-2023 оқу жылдары

1) оқыту қазақ тілінде;

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліме

Оқу жылы	Топтың атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеленушілер саны	Топтардағы шектік тәрбиеленушілер саны
2021- 2022ж	“Балапан” кіші топ (2-3) жас	қазақша	15 бала	16
	“Күншуақ” ортаңғы топ (3-4 жас)	қазақша	16 бала	22
	“Бәйтерек” ересек топ (3-4 жас)	қазақша	19 бала	22
2022-2023ж.	I жартыжылдық			
	“Балапан” кіші топ (2-3) жас	қазақша	13 бала	16
	“Күншуақ” ортаңғы топ (3-4 жас)	қазақша	19 бала	22
	“Бәйтерек” ересек топ (3-4 жас)	қазақша	20 бала	22
II жартыжылдық				
2022-2023ж.	“Балапан” кіші топ (2-3) жас	қазақша	15 бала	15
	“Күншуақ” ортаңғы топ (3-4 жас)	қазақша	20 бала	20
2023-2024ж.	“Балапан” кіші топ (2-3) жас	қазақша	15 бала	15
	“Күншуақ” ортаңғы топ (3-4 жас)	қазақша	20 бала	20

2021-2022 жылғы мектепке дейінгі шағын орталыққа жас ерекшеліктеріне байланысты қамтылуы

http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/public/files/2024/6/20/200624_161106_aynalayyn-shayn-ortalyy-balalar-tzm-2021-22docx.pdf

№	Сынып атауы	Оқытылатын тілі	Жас шамасы	Бала саны	Жұмыс жасаған педагогтер
1	“Балапан” кіші тобы	Мемлекеттік тілде	2-3	16	Ә.Салтанат М.Жанбота
2	“Күншуақ” ортаңғы тобы	Мемлекеттік тілде	3-4	22	М.Руда Б.Айжангуль
3	“Бәйтерек” ересек тобы	Мемлекеттік тілде	4-5	22	М.Құндыз Д.Еркегул

2022-2023 жылғы мектепке дейінгі шағын орталыққа жас ерекшеліктеріне байланысты қамтылуы

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/2929-20-06-24-16-09-49-trbielenushler-kontigent>

I жартыжылдық

№	Топтың атауы	Оқытылатын тілі	Жас шамасы	Бала саны	Жұмыс жасаған педагогтер
1	“Балапан” кіші тобы	Мемлекеттік тілде	2-3	13	М.Құндыз Д.Еркегул
2	“Күншуақ” ортаңғы тобы	Мемлекеттік тілде	3-4	19	Ә.Салтанат М.Жанбота
3	“Бәйтерек” ересек тобы	Мемлекеттік тілде	4-5	20	М.Руда Б.Айжангуль

II жартыжылдық

№	Топтың атауы	Оқытылатын тілі	Жас шамасы	Бала саны	Жұмыс жасаған педагогтер
1	“Балапан” кіші тобы	Мемлекеттік тілде	2-3	15	М.Құндыз Д.Еркегул
2	“Күншуақ” аралас тобы	Мемлекеттік тілде	3-5	20	М.Руда Б.Айжангуль

2023-2024 жылғы мектепке дейінгі шағын орталыққа жас ерекшеліктеріне байланысты қамтылуы

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/trbielenushler-kontigent>

№	Топтың атауы	Оқытылатын тілі	Жас шамасы	Бала саны	Жұмыс жасаған педагогтер
1	“Балапан” кіші тобы	Мемлекеттік тілде	2-3	15	М.Құндыз Б.Айжангуль
2	“Күншуақ” аралас тобы	Мемлекеттік тілде	3-5	20	М.Руда Д.Еркегул

Ұлттық құрам бойынша тәрбиеленушілер контингенті туралы

№	Оқу жылы	Оқытылатын тілі	Ұлты қазақ	Ұлты орыс	Ұлты басқа
1	2021-2022	қазақша	50	0	0
2	2022-2023 I жарты жыл	қазақша	52	0	0
	II жарты жыл	қазақша	35		
3	2023-2024	қазақша	35	0	0

4- бөлім. Оқу әдістемелік жұмыс.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Бағаланатын кезеңге құрастылған және бекітілген оқу жұмыс жоспары.

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/ou-dstemelk-ghmys>

-жұмыс оқу жоспары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес.

Бағаланатын кезеңге құрастырылған білім беру бағдарламалары

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/variativtk-komponent>

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына (вариативті, жеке, қосымша)сәйкес білім беру қызметі жүзеге асырылды.

Бағаланатын кезеңге ұйымдасқан қызметтің перспективті жоспары

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/9125-24-06-24-12-46-14-perspektiva>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/8561-24-06-24-12-50-55-perspektiva>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/perspektiva>

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сәйкес және сақталған.

Бағаланатын кезеңге тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/7627-24-06-24-12-00-18-ciklogramma>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/2766-24-06-24-12-21-08-ciklogramma>

<http://sc0003.shortandy.aqmoedu.kz/content/8951-24-06-24-12-43-54-ciklogramma>

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Тексерілді:

1. 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспары мектеп директорымен бекітілген.
2. 2022-2023 оқу жылының күн тәртібі санитарлық талаптарға сай құрылған және мектеп директорымен бекітілген.
3. 2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары мектеп директорымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген үлгілік қағидалары басшылыққа алынған.
4. 2023-2024 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен 3-қосымшасы басшылыққа алынды.

Оқу жұмыс жоспары мен оқу сабақтарының кестесі, күн тәртібі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің жұмыс оқу жоспары вариативті компонентті қамтиды.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі:

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталықтың бағаланатын кезеңді талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің күн тәртібі, перспективалық жоспар, циклограмма тексерілді.

Талдау нәтижелері: Мектеп құрамында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Жарғыға сәйкес шағын орталық жұмыс істейді.

2021-2022 оқу жылында шағын орталықта тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 мамырдағы №90 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына» сәйкес қамтамасыз етілді.

2021-2022 жылғы қазақ тілінде оқытылатын “Айналайын” шағын орталығының “Балапан” кіші топ балаларының оқу жоспары 4 ұйымдастыру қызметінен тұрады. Олар: «Денсаулық»-3, «Қатынас»-1, «Таным»-2, «Шығармашылық»-3. Ұйымдастырылған оқу-қызметінің ұзақтығы - 10-15 минут. Апталық жүктемесінің көлемі - 9 сағатты құрайды.

“Күншуақ” ортаңғы топ балаларының оқу жоспары 5 ұйымдастыру қызметінен тұрады. Олар: «Денсаулық»-3, «Қатынас»-2, «Таным»-2,5, «Шығармашылық»-3; «Әлеумет»-0,5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 15-20 минут. Вариативтік компонент – 1 сағат, «Шебер қолдар» - 1 сағат; «Бәрін білгім келеді» курсының бағдарламасын шағын орталығының тәрбиешісі Бексолтан Айжангуль құрастырған. Аптасына бір сағаттан жылына 36 сағатты құрайды. Апталық жүктемесінің көлемі – 12 сағат.

“Бәйтерек” ересек тобы балаларының оқу жоспары 5 ұйымдастыру қызметінен тұрады. Олар: «Денсаулық»-3, «Қатынас»-2,5, «Таным»-2,5, «Шығармашылық»-3,5; «Әлеумет» -0,5.

Вариативтік компонент – 2 сағат, «Ертегілер елінде» - 1 сағат., «Шебер қолдар» - 1 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 20-25 минут. Апталық жүктемесінің көлемі – 14 сағат., «Шебер қолдар», курсының бағдарламасын шағын орталық тәрбиешісі Молдан Құндыз құрастырған. Аптасына бір сағаттан жылына 36 сағатты құрайды. «Ертегілер елінде» курсының бағдарламасын шағын орталығының тәрбиешісі Даулетбай Еркегул құрастырған. Аптасына бір сағаттан жылына 36 сағатты құрайды.

